

Мендіқара ауданында Боровское орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 3 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 ақпанда № 5368 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қосымшаға сәйкес Мендіқара ауданында Боровское орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағы белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

Әкімдіктің

2015 жылғы 12 қаңтардағы

№ 3 қаулысына қосымша

Мендіқара ауданында Боровское орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағы

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймағының мөлшері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
Ұңғымалар № 38			Радиусі – 178 метр			

№ 39	Радиусі – әр ұңғыманың айналасында 50 метр	7,0 гектар	Радиусі – 181 метр	80,0 гектар	Радиусі – 3167 метр	3062 гектар
№ 44ц			Радиусі – 178 метр			
№ 45ц			Радиусі – 185 метр			
№ 81			Радиусі – 152 метр			
№ 83ц			Радиусі – 173 метр			
№ 89			Радиусі – 179 метр			
№ 98			Радиусі – 173 метр			
№ 99			Радиусі – 179 метр			

Ескерту: санитарлық қорғау аймағының шекарасы "Боровское жер асты суларының орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймақтары. "Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Боровское және Первомайское ауылдарының сумен жабдықталуын қайта құру" жобасының картографиялық материалында көрсетілген (Тапсырыс беруші – "Меңдіқара ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі).